

**Бөкей ордасы ауданы бойынша ветеринария саласындағы  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушыларға арналған**

**ЖАДЫНАМА**

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметі	«Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық - санитариялық қорытынды беру»
2	Көрсетілетін қызметті беруші	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет аудандар мен Орал қаласының жергілікті атқарушы органдары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық дәрігермен көрсетіледі
3	Көрсетілетін қызметті алушы	Жеке және заңды тұлғалар
4	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру	1) Аудандар мен Орал қаласының жергілікті атқарушы органдарының кеңсесі; 2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> , <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
5	Қызметтің бағасы және төлеу тәртібі	Мемлекеттік қызмет «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес ақылы түрде (ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісі үшін) жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижесі бойынша айқындалған бланктің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлейді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салуды портал арқылы берген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін
6	Қажетті құжаттардың тізбесі	көрсетілетін қызметті берушіге: 1) бекітілген нысан бойынша өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін); 3) жалға алу шартының құқығында үй-жайлардың тиісті бар екенін растайтын құқық белгілейтін құжат көшірмесі; 4) ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісінің құнын төлегенін растайтын құжат; порталға: 1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес, тұтынушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) жалға алу шартының құқығында үй-жайлардың тиісті бар екенін растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі; 3) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайды қоспағанда, ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді туралы мемлекеттік тіркеу, меншік құқығында тиісті үй-жайлардың бар болуы туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.
7	Қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 5 (бес) жұмыс күні; 2) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Өтініш беруші құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті әрі қарай қараудан жазбаша дәлелді бас тартады.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және талаптарға сәйкестігі туралы; анықталған бұзушылықтарды жоюға ұсынымдар бере отырып, объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және талаптарға сәйкес еместігі туралы ветеринариялық - санитариялық қорытындысы.
9	Нормативтік құқықтық актілер	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығы

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметі	«Жануарларды өсіруді, жануарларды союға дайындауды (союды), сақтауды, өндеуді және сатуды жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және сату бойынша өндіріс объектілеріне тіркеу нөмірлерін беру»
2	Көрсетілетін қызметті беруші	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі
3	Көрсетілетін қызметті алушы	Жеке және заңды тұлғаларға
4	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру: 1) бөлімдердің кеңсесі; 2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> , <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
5	Қызметтің бағасы және төлеу тәртібі	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі
6	Қажетті құжаттардың тізбесі	Көрсетілетін қызметті берушіге: есептік нөмір беру үшін: 1) бекітілген нысан бойынша өтініш; 2) жеке басты куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін); 3) өндіріс объектісі қызметінің түрі, өндірілетін өнімнің көлемі мен түрі туралы еркін нысанда жасалған ақпарат. Есептік нөмірді қайта ресімдеу кезінде, есептік нөмірдің атауын және (немесе) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгерту кезінде, сою алаңына есептік нөмірді растау кезінде: 1) бекітілген нысан бойынша өтініш; 2) жеке басты куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін); порталға: есептік нөмір беру үшін: 1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) өндіріс объектісі қызметінің түрі, өндірілетін өнімнің көлемі мен түрі туралы еркін нысанда жасалған ақпараттың электрондық көшірмесі. Есептік нөмірді қайта ресімдеу кезінде, есептік нөмірдің атауын және (немесе) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгерту кезінде, сою алаңына есептік нөмірді растау кезінде: мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, ветеринария-санитариялық қорытынды туралы, бұрын берілген есептік нөмір туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.
7	Қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап: ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшесіне – 7 (жеті) күн; республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшесіне – 5 (бес) жұмыс күні; өндіріс объектісі жүзеге асыратын қызмет түрін өзгертуге әкеп соқтырмай, атауы және/немесе ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда және – 5 (бес) жұмыс күні; жүзеге асыратын қызмет түрі өзгерген жағдайда, өндіріс объектісі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген мерзімдерде есептік нөмірді беру рәсімдерінен қайта өтеді; сою алаңдары қолда бар есептік нөмірін растау үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген мерзімдерде есептік нөмірді қайта ресімдеу рәсімінен өтеді. 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті әрі қарай қараудан жазбаша дәлелді бас тартады.

8	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жем және жемазық қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірдің берілгені туралы растама беру немесе берілген есептік нөмірді қайта ресімдеу Стандарттың 10-тармағына көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
9	Нормативтік құқықтық актілер	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 «Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметі	«Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау»
2	Көрсетілетін қызметті беруші	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесімен, аудандардың және Орал қаласының ветеринария бөлімдерімен көрсетіледі
3	Көрсетілетін қызметті алушы	Жеке және заңды тұлғалар
4	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру: 3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 4) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> , <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
5	Қызметтің бағасы және төлеу тәртібі	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.
6	Қажетті құжаттардың тізбесі	Көрсетілетін қызметті берушіге: 1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (сәйкестендіру үшін); 3) соңғы үш жылда біліктілігін арттыру курсынан өткендігі туралы сертификаттың көшірмесі (бар болса); 3) ғылыми дәрежесі, атағы бары туралы дипломның (бар болса) көшірмесі; порталға: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; соңғы үш жылда біліктілігін арттыру курсынан өткендігі туралы сертификаттың электрондық көшірмесі (бар болса); ғылыми дәрежесі, атағы бары туралы дипломның (бар болса) электрондық көшірмесі. Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.
7	Қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу сәтіне дейін – аттестаттау кестесі не сәйкес жүзеге асырылады. Аттестаттау бір күнде өткізіледі және екі кезеңнен тұрады: тестілеу және әңгімелесу. Көрсетілетін қызметті алушы тестілеуден теріс нәтиже алған кезде аттестаттаудың екінші кезеңіне өтпейді (әңгімелесуге) Мемлекеттік қызметті көрсету стандартында көрсетілген қайта тестілеуден өту тәртібі алғашқы тестілеуден алты ай өткеннен кейін. Комиссия шешімімен қайта әңгімелесуге тиіс. Алғашқы әңгімелесу күнінен бір ай өткеннен кейін қайта әңгімелесу өтеді. Аттестаттаудан өтпегенде, көрсетілетін қызметті алушы аттестаттау нәтижесін алғанына бір жыл өткеннен кейін қайта аттестаттауға қатысуға құқылы. 2) құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Шешімдердің бірі көрсетілген аттестаттау парағы: 1) аттестатталды; 2) қайта аттестаттауға жатады; 3) аттестатталмады.
9	Нормативтік құқықтық актілер	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 7-1/221 «Ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметі	«Ветеринариялық анықтамалар беру»
2	Көрсетілетін қызметті беруші	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринарлық ұйымдары - аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарымен көрсетіледі
3	Көрсетілетін қызметті алушы	Жеке және заңды тұлғалар
4	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> , <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады
5	Қызметтің бағасы және төлеу тәртібі	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
6	Қажетті құжаттардың тізбесі	Бекітілген нысан бойынша өтініш; жеке басты куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттілігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін); бес келіден жоғары балықтарды және басқа су жануарларын (тірі, жаңа, салқындатылған, мұздатылған балықтар, сондай-ақ гаммарус, артемия салина (цисталар) шаяндар) тасымалдау кезінде балық аулау орны туралы анықтама қажет. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден және үшінші елдерден (Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері болып табылмайтын мемлекеттерден) әкелінген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) бақылау және қадағалау объектілерін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау кезінде – ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектісі әкелінген ветеринариялық құжаттың көшірмесі. Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, ауыл шаруашылығы жануарының ветеринариялық паспорты туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні, уақыты, құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі қойылғаны қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.
7	Қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап жүгінген күн ішінде; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Ветеринариялық анықтама немесе «Ветеринариялық анықтамалар беру» стандарттың 10-тармағында көрсетілген жағдайларға және негіздерге сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады
9	Нормативтік құқықтық актілер	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығы

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметі	«Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық паспорт бере отырып бірдейлендіруді жүргізу»
2	Көрсетілетін қызметті беруші	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринарлық ұйымдары - аудандар мен Орал қаласының «Ветеринариялық станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарымен көрсетіледі
3	Көрсетілетін қызметті алушы	Жеке және заңды тұлғалар
4	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру	Ветеринариялық паспорттан үзінді көшірмені алу қажет болған жағдайда өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру: 5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 6) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> , <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
5	Қызметтің бағасы және төлеу тәртібі	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі. «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес чиптердің құнын қайтару ақылы негізде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижесі бойынша айқындалған чиптердің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлейді.
6	Қажетті құжаттардың тізбесі	1) ауыл шаруашылығы жануарларын бастапқы бірдейлендіру үшін ветеринариялық паспорт беру: бекітілген нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжатдың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін); чиптер үшін ақы төленгенін (чиптен кезінде) растайтын құжат; 2) сырға (сырғалар) жоғалған немесе бүлінген кезде телнұсқасын алу үшін ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіру өткізу үшін: бекітілген нысан бойынша өтініш; жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін); 3) жоғалған немесе ескірген кезде ветеринариялық паспорттың телнұсқасын алу үшін: бекітілген нысан бойынша (ветеринариялық паспорттың жоғалғанын, бүлінгенін растайтын құжаттардың қосымшасымен қоса) өтініш; жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін); 4) ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін: бекітілген нысан бойынша ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін өтініш; жеке басын куәландыратын құжаттың немесе өкілдің өкіметтілігін растайтын (сәйкестендіру үшін); порталға ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін: көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған бекітілген нысан бойынша ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін электронды құжат нысанындағы өтініш; Жеке басты куәландыратын құжаттың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
7	Қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу сәтіне дейін – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары айқындаған өткізу мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады; Ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беру – 30 (отыз) минут; 2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 4) сырға (сырғалар) жоғалған, бүлінген кезде (жеке нөмірін айқындау мүмкін емес) қайталама мемлекеттік көрсетілетін қызмет жануарларға жаңа жеке нөмір бере отырып, көрсетілетін қызметті берушіге сырғалар келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Ірі жануардың сырғаларының біреуі жоғалған немесе бүлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушіге аспалы сырға телнұсқасы келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру тәсілдерінің бірімен жануарларға ветеринариялық паспорт бере отырып жеке нөмір беру, телнұсқа беру, ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беру.
9	Нормативтік құқықтық актілер	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

